



**Адамның үйлесімді дамуы
ұлттық институты**

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту

**Мухтаров Аманғали
Хамидоллаұлы
жетекші ғылыми қызметкер**



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР:
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, ҰРПАҚТАР
САБАҚТАСТЫҒЫ, АТА-АНАЛЫҚ
ҚАДІР-ҚАСИЕТ, ОТБАСЫЛЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІК, АТА-АНАЛЫҚ
ПАРЫЗ, ОТБАСЫЛЫҚ ИГІЛІК.



Қабан жырау:

- БАҚЫТ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?
- ТУЫСЫМЕН ТАТУЛЫ
ЖАМАН СӨЗ ЖОҚ ШАТУЛЫ
ЫНТЫМАҚТЫ ҮЙГЕ БАРАМЫН.

Позитивті тәрбие

Позитивті ата-ана

- АТА-АНА МЕН ПЕРЗЕНТ АРАСЫНДАҒЫ ТҮСІНІСТІК,
 - ОТБАСЫНДАҒЫ СЫЙЛАСТЫҚ,
 - БАЛА БОЙЫНДАҒЫ ЕҢ МЫҚТЫ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМУ.
-
- ЖҮКТІ ӘЙЕЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ
 - БАЛАНЫҢ ӨМІРГЕ КЕЛУІН АСЫҒА КҮТУ (ШІЛДЕХАНА, ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ)
 - БАЛАНЫҢ ӘР ЖЕТІСТІГІНЕ ҚУАНУ (ТҰСАУКЕСЕР)

ӘУЛИЕ ҚОЙМАЙ ҚЫДЫРЫП,
ЕТЕГІН ШЕҢГЕЛ СЫДЫРЫП,
ЖЕТІ ПІРГЕ ТАНЫСҚАН.
ӘУЛИЕГЕ АТ АЙТЫП,
ҚОРАСАНҒА ҚОЙ АЙТЫП...




АЛТЫ ЖАСҚА КЕЛГЕНДЕ,
ҚАЗЫНАДАН ҚАМҚА КИЕДІ,
ӨЗІМНІҢ ЕНШІМ БОЛСЫН ДЕП,
ТОБЫЛҒЫ МЕНДІ ТОРЫ АТТЫ,
ЕНШІ ҚЫЛЫП МІНЕДІ.



- ҚЫЗЫН ТӨРГЕ ОТЫРҒЫЗЫП, ҰЛЫН ТӨБЕСІНЕ КӨТЕРГЕН
- ЖЕРДЕ БІР БАЛА ҚУАНСА, КӨКТЕ МЫҢ ПЕРІШТЕ ШАТТАНАДЫ

1920 ЖЫЛДАРЫ ВЕНА ПСИХИАТРЛАРЫ АЛЬФРЕД АДЛЕР МЕН РУДОЛЬФ ДРЕЙКУРС



Позитивті ата-ана

- ПОЗИТИВТІ АТА-АНА МӘСЕЛЕСІ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ЖАН ЖАҚТЫ ЗЕРТТЕЛГЕН. ӘЛЕМНІҢ 25 ЕЛІНДЕ 30 ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР ПОЗИТИВТІ АТА-АНА БОЛУ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ ЖАПОН БАЛАЛАРЫ МЕН ЕУРОПА БАЛАЛАРЫНА БІРДЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІНІН КӨРСЕТТІ.
- 2018 ЖЫЛЫ БҰҰ АТА-АНАЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АРАСЫНДА ПОЗИТИВТІ АТА-АНА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАҒАСЫ ЖОҒАРЫ ЕКЕНІН РЕСМИ ТҮРДЕ МОЙЫНДАДЫ.
- БҰҰ БАЛАЛАР ҚОРЫ (UNICEF) БҰЛ БАҒДАРЛАМАНЫ 2015 ЖЫЛДАН БЕРІ НАСИХАТТАП КЕЛЕДІ. ЕУРОПА КЕҢЕСІНІҢ МИНИСТРЛЕР КОМИТЕТІ 2006 ЖЫЛЫ «ПОЗИТИВТІ АТА-АНАНЫ» ҚОЛДАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ҚАБЫЛДАДЫ.



**ПОЗИТИВТІ ТӘРБИЕНІҢ
НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРДЫҢ БІРІ
МАРТИН СЕЛИГМАН**

МАРТИН БАҚТА ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРЕДІ. ОНЫҢ ЖҰМЫСҚА БАР ЫНТАСЫМЕН БЕРІЛГЕН КЕЗДЕ ОЙЫН БӨЛГЕНДІ ҰНАТПАЙТЫН ӘДЕТІ БАР ЕДІ. СОЛ КЕЗДЕ НИККИ ЖАНЫНА КЕЛІП, ДӨҢГЕЛЕНЕ БИЛЕП, ӘН САЛЫП, АРАМ ШӨПТЕРДІ АСПАНҒА ЛАҚТЫРЫП ОҒАН КЕДЕРГІ ЖАСАЙДЫ. ҚАТТЫ АШУЛАНҒАН МАРТИН ҚЫЗЫН ҚУЫП ЖІБЕРЕДІ. БІРАҚ КЕТІП ҚАЛҒАН ҚЫЗЫ ШАМАЛЫДАН СОҢ ҚАЙТЫП КЕЛІП, БҰРЫН НЕ БОЛСА СОҒАН ӨКПЕЛЕП, ЖЫЛАП ҚАЛАТЫНЫН ӘКЕСІНІҢ ЕСІНЕ САЛЫП, ЕНДІ ЖЫЛАУЫҚ БОЛМАЙТЫНЫН, ОСЫ КЕМШІЛІГІН ЖОЮ ҮШІН ӨЗІМЕН КҮРЕСЕТІНІН АЙТАДЫ. НИККИГЕ ОҢАЙ БОЛҒАН ЖОҚ, БІРАҚ ОЛ ӨЗІН ӨЗГЕРТТІ. СӨЙТІП НИЕТ БОЛСА, АДАМ ӨЗІН ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ ДЕГЕН ШЕШІМГЕ КЕЛГЕНІН, ӘКЕСІНЕ КЕРЕКСІЗ ЖЕРДЕ БОСҚА АШУЛАНЫП, ӨЗІНЕ ҰРСА БЕРМЕУГЕ БОЛАТЫНЫН АЙТАДЫ.



ПОЗИТИВТІ АТА-АНА

**БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚҰРМЕТТЕУ, ОЛАРДЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ТАҢУ**

**БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН, ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН, ҚАЛАУЫН,
БЕЛГІЛІ БІР МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІН ТҮСІНУ**

**БАЛАЛАРДЫҢ ПЕРІШТЕДЕЙ ПӘК БОЛЫП
ТУЫЛАТЫНЫН ТҮСІНУ**

**ЖАМАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАЗАЛАУ ЕМЕС,
БОЛАШАҚТА ДҰРЫС МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**БАЛА МЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ, БІР-БІРІНЕ
ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ, ӨЗАРА ҮНТІМАҚТАСТЫҚ**

ПОЗИТИВТІ АТА-АНАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

1-ҚАҒИДАТ. БАСҚАЛАРҒА ҰҚСАМАУ - ҚАЛЫПТЫ
ЖАҒДАЙ.

2-ҚАҒИДАТ. БАЛА ҚАТЕЛІК ЖІБЕРСЕ ЕШТЕҢЕ ЕТПЕЙДІ.

3-ҚАҒИДАТ. ЖАҒЫМСЫЗ ЭМОЦИЯЛАР КӨРСЕТУ
ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙ.

4-ҚАҒИДАТ. БАЛАНЫҢ КӨП НӘРСЕНІ ҚАЛАУЫ –
ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙ.

5-ҚАҒИДАТ. КЕЛІСПЕУШІЛІГІН БІЛДІРУ - ҚАЛЫПТЫ
ЖАҒДАЙ.



Бейнеролик көру.

<https://youtu.be/U4MuWuvFIZU> (85 сек).

**Бала бойына тек жақсы дүниелерді
сіңіріңіз**

**Ата-аналар үшін бала
бойына жақсы дүниелерді
сіңіру неге маңызды деп
ойлайсыз?**



*Тәсілді жақтаушылар әр адамның бойында өсіп-өркендеуі үшін қажет нәрсенің бәрі бар деген пікірді ұстанады. Тек сол өскіндер өліп қалмай, құлпырып өсуі үшін **жайлы орта мен жақын адамдардың жағымды қарым-қатынасы қажет.***



***Джеральд Паттерсонның «мәжбүрлеу теориясына»** сәйкес ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынаста олардың орынсыз әрекетіне дұрыс жауап берілмесе, оның салдары баланың бойында қоғамға қарсы мінез-құлқының қалыптасуына алып келеді.*



Ата – аналардың баланы позитивті тәрбиелеуі – баланың қабілетін ұштау, қызығушылығы мен көзқарасына құрметпен қарау, бала жан-жақты даму үшін толық жағдай жасау. Мұндай тәрбиенің, ниеттің астарында баланың жарқын болашағы жатыр.

Позитивті ойлауды үйрену

1. Өз ойыңызды бақылаңыз.

Ең алдымен қанша уақытыңызды алса да, ойыңызды бақылауды бастау керек. Кез келген нәрсені ойлағанда алдымен жағымсыз ойлар пайда болатынын байқайсыз. Алдағы сапар туралы алаңдайсыз ба? Жұмысқа қатысты қиындықтар бар ма? Сіз жұбайыңызбен болған жанжал ойыңыздан шықпай жүр ме?

2. Бүгін болған жағымды 3 оқиғаны ойға түсіріңіз.

Біреу сізге бір кесе кофе алып берді ме? Рауандап атқан таң шапағын көріп қуандыңыз ба? Біреу мақтады ма? Біреумен түскі асқа бардыңыз ба? Сізді қуантуға осындай кішкентай оқиғалардың өзі жеткілікті болуы мүмкін.

3. Біреуге ризашылық білдіріп, алғыс айту.

Алғыс айту өте маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, ризашылық білдіру оптимизмді арттырудан бастап жүректің ишемиялық ауруынан қорғауға дейін кез келген нәрсені жасай алады.



талқылау

Позитивті ойлауды үйрену

4. Біреуге көмектесіңіз.

Жобасын бітіре алмай шаршап жүрген әріптеске көмектесу, біреуге есесі кетіп жүрген адамға қорған болу, біреуге есікті ашып беру, бейтаныс адамға кофе алып беру осындай игі істердің кез келген түрі бақыт сезімін арттыра алады.

5. позитивті адамдардың ортасында жүріңіз.

Адамға жағымды эмоциялар өте пайдалы. Сізді шабыттандыратын, күш беретін, ынталандыратын ашық-жарқын адамдардың ортасы қандай жақсы?!

6. Бойыңызды, ақыл-ойыңызды бақылаңыз.

Адамның денсаулығы мен жан саулығын күтуі – оның бақытқа жетуінің кепілі. Ол уақыт өте миды позитивті жұмыс істеуге алып келеді.

Мысалы, дұрыс тамақтану көңіл-күйді көтеруі мүмкін.

Күніне небәрі 20 минут жаттығу жасау – эндорфиндерді шығарудың ең жақсы жолы, бұл өз кезегінде көңіл-күйіңізді жақсартады.



талқылау

Позитивті ойлауды үйрену

7. жан-дүниені тазарту, ішкі келіспеушіліктерден арылу.
Кейде позитивті болу үшін біз ашылуымыз керек, әдетке айналған жағымсыз ұстанымдардан бас тартуымыз керек. Бұрынғы қателіктеріңізді мойындаңыз, ренжіткен адамдарыңыздан кешірім сұраңыз. Бұл үшін тәкәппарлықты жеңу керек.

8. Өзіңізге ұнайтын нәрсені жасауға уақыт табыңыз.
Мұны айту оңай болуы мүмкін, бірақ позитивті болудың ең жақсы тәсілдерінің бірі — Сіз жақсы көретін нәрсеге уақыт бөлу. Әрекет маңызды емес. Тек сізге ұнайтынына көз жеткізіңіз. Бұл оқу, тамақ дайындау, спортпен шұғылдану, киноға бару, достарыңызбен серуендеуді жоспарлау немесе жаңа хобби болуы мүмкін. Сізге шынайы бақыт әкелетін нәрсеге уақыт бөлуге тырысыңыз!



талқылау

ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАТТЫҒУЫ.

Өздік жұмыс.

Балаңыздың ашыңызға тиетін 5 қылығын жазыңыз. Оларды позитивке айналдырып көріңіз.

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.




- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАТТЫҒУЫ

1. БАЛАҒЫЗ «2» АЛЫП КЕЛДІ
2. СЫНЫПТАСЫМЕН ТӨБЕЛЕСІП ҚАЛДЫ
3. СЫНЫПТА ДОСТАРЫ ЖОҚ
4. ҮЙ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ
5. КӨП УАҚЫТЫН ТЕЛЕФОНМЕН ӨТКІЗЕДІ
6. САБАҚТАН КЕЙІН ҚОСЫМША ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ
7. БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚАЙЛАНЫСТЫ МЕКТЕПКЕ ШАҚЫРДЫ



1. БІРАҚ ШЫНЫН АЙТТЫ
2. МҮМКІН ТӨБЕЛЕСТІҢ САЛМАҚТЫ СЕБЕБІ БАР ШЫҒАР
3. ЕСЕСІНЕ ҚИЫНДЫҚ ТУЫНДАМАЙДЫ
4. ЖАЛҚАУ АДАМДАР ӨТЕ ТАЛАНТТЫ БОЛАДЫ
5. ҚАЖЕТ АҚПАРАТТЫ ОҢАЙ ТАБАДЫ
6. МҮМКІН ОЛ БЕЛГІЛЕНГЕН УАҚЫТТА БӘРІН ЖАСАЙ АЛАДЫ
7. БІРАҚ ОҚУ ҮЛГЕРІМІ ШАҒЫМ ТУДЫРМАЙДЫ



Кейс 1

**Бала сыныптасымен төбелесіп қалды.
Себепін айтқысы келмейді.**





Осы жағдайға байланысты позитивті көзқарас қалыптастыратын негізгі сұрақтар:



- 1. Мұның несі жақсы?**
- 2. Бұл жағдайдан қандай сабақ аламын?**
- 3. Ары қарай не істеуім керек?**



«Менің атым Арман»

<https://www.youtube.com/watch?v=HKP4rAVwZLI>

Талқылау сұрақтары:

1. Арманның әрекетін қалай бағалайсыз?
2. Бұл оқиғадан Арман қандай сабақ алды?
3. Оқиға басқаша өрбігенде арты неге апарып соғар еді?



Балалармен қарым-қатынас жасау ережелері



- Баланы мұқият тыңдаңыз
- Нақты, түсінікті сөйлеңіз
- Ыммен, көзбен түсінісу – жетістік кілті
- Сабырлы болыңыз
- Мәселеден хабардар болыңыз



ТӘРБИЕНІҢ ОҢ ӘДІСТЕРІМЕН ТӘРБИЕЛЕНГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ ЖОҒАРЫ БОЛАДЫ. ОЛАР БАСҚА БАЛАЛАР ЖАСАҒАН НӘРСЕНІ ӨЗІНІҢ ДЕ ЖАҚСЫ ЕТІП ЖАСАЙ АЛАТЫНЫНА СЕНЕДІ.



ӨЗІНЕ СЕНИМДІ, ТАБАНДЫ БАЛАЛАР БЕТАЛДЫ ҚАҚТЫҒЫСА БЕРМЕЙДІ, АТА-АНАЛАРЫН ЖАҚСЫ КӨРІП, ЖАҒЫМДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙДЫ. ӨЙТКЕНІ ОЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҒЫ ҚАЛЫПТЫ.



ПОЗИТИВТІ АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ ЖАҚСЫ ДАҒДЫЛАРҒА ИЕ. ОЛАР ӨТЕ БАЙСАЛДЫ ЖӘНЕ ӨЗ ДЕҢГЕЙІН, МҮМКІНДІГІН ЖАҚСЫ БІЛЕДІ.

ПОЗИТИВТІ АТА-АНАНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕН ТЕК БАЛАЛАР ҒАНА ҰТПАЙДЫ, АТА-АНАНЫҢ ӨЗІ ҮШІН ДЕ ОҢ ӘСЕРІ КӨП. ЗЕРТТЕУШІЛЕР ОНДАЙ АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ АРТЫП, БЕРІП ЖАТҚАН ТӘРБИЕСІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫНА СЕНИМДІ БОЛАТЫНЫН АЙТАДЫ.

БАЛАЛАРЫ КӨП НӘРСЕНІ ӨЗ БЕТТЕРІНШЕ ЖАСАЙ АЛАТЫНДЫҚТАН БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСПЕЙДІ.



- дамытушы диалог - дамудың әмбебап құралы;
- дамытушы диалогтың басты сипаты балаларымызбен қарым-қатынастағы ниетіміздің, көңіліміздің, ойымыздың тазалығымен анықталады;
- мәселеленің шешімін табу - қарым-қатынаста диалог құралын жүйелі пайдалану шартымен ғана жүзеге асырылады;
- өзара құрмет, сыйластық, сенім, махаббат болмаса кез келген диалогтың мәні болмайды.



**ПОЗИТИВТІ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ - УАҚЫТ ПЕН
ТӘЖІРИБЕНІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ПРОЦЕСС. БІРТІНДЕП,
ТҰРАҚТЫ ЖАТТЫҒУЛАРМЕН АТА-АНАЛАР ӨЗДЕРІНІҢ РӨЛІ
ЖӘНЕ БАЛАЛАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ
ЖАҒЫМДЫ ЖӘНЕ СЫНИ КӨЗҚАРАСТЫ ДАМЫТА АЛАДЫ.**

«Әке – асқар тау», «Әкені көріп ұл өсер», «Әкеден безген ұл оңбас», «Сайына қарай саласы, Әкесіне қарай баласы», «Әкесі бардың ырысы бар», «Әке балаға қарыз, Бала далаға қарыз»



**БЕЙБАСТАҚ ҚЫП ӨСІРСЕ ҰЛДЫҢ ҚЫЛЫҒЫН,
КІНӘЛІ ӘКЕ, ЖАЗЫҒЫ ЖОҚ ҰЛЫНЫҢ...**

**ӘКЕ КӨРГЕН ҰЛ ӘКЕДЕЙ БОЛАДЫ.
НЕНІ ЕКСЕҢ, ЖЕРДЕН СОНЫ ОРАДЫ.**

Ж. Баласағұн

**ӘКЕЛІ БАЛА – ЖАУЖҮРЕК,
ЖИЫН ТОЙҒА БАРАДЫ,
ТӨРДЕН ОРЫН АЛАДЫ**

Бұхар жырау

Позитивті әке болу үшін не істеу керек?



1. ӘКЕ БОЛҒАН АЛҒАШҚЫ КҮННЕН БАСТАП НӘРЕСТЕНІ КҮТУГЕ ҚАТЫСА АЛАДЫ: ЖӨРГЕГІН АУЫСТЫРЫҢЫЗ, СЕРУЕНДЕҢІЗ, ТАМАҚТАНДЫРЫҢЫЗ.
2. БАЛАМЕН ОЙЫН ОЙНАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.
3. ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА, АТАП АЙТҚАНДА САЯБАҚТАР, ОЙЫН АЛАҢДАРЫ, СКВЕРЛЕРДЕ БІРГЕ СЕРУЕНДЕУ.
4. КІШКЕНТАЙ БАЛАМЕН ЖИІ АРАЛАСАТЫН, ОЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ МЕН СҰРАҚТАРЫН, ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ТҮСІНЕТІН ӘКЕЛЕР БАЛАЛАР ӘЛЕМІНДЕ МАҢЫЗДЫ ТҰЛҒАҒА АЙНАЛАДЫ.
5. БАЛАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ ЕКІНШІ ЖАҒЫНАН БАҚЫЛАУ БОЛЫП ТА ТАБЫЛАДЫ.
6. БАЛАЛАРҒА АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ ТАЛАПТАР ҚОЙЫП, ОЛАРДЫ САБЫРЛЫ, БІРАҚ ҚАТАҢ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫН ҚАДАҒАЛАУ КЕРЕК.
7. БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕ КҮШ ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙДЫ.
8. АЙЫПТАУ ДА, ТЫЙЫМ САЛУ ДА ӨТЕ МҰҚИЯТ БОЛУ КЕРЕК.
9. ТӘРБИЕЛІК ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА, АЙЫПТАУДАН ГӨРІ МАДАҚТАУ ӘЛДЕҚАЙДА МАЗМҰНДЫ.



**ФРАНЦУЗ ФИЛОСОФЫ ЖАН-ЖАК РУССО
1712 - 1772**

**«ӨМІРГЕ ҰРПАҚ КЕЛТІРІП, ОНЫ АСЫРАУ
АРҚЫЛЫ ӘКЕ ӨЗ МІНДЕТІНІҢ ҮШТЕН БІРІН
ҒАНА ОРЫНДАЙДЫ. ОЛ АДАМЗАТҚА АДАМ,
ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТКЕР, МЕМЛЕКЕТКЕ
АЗАМАТ БЕРУГЕ МІНДЕТТІ. ОСЫНАУ ҮШ
МІНДЕТТІ ОРЫНДАУҒА ҚАБІЛЕТТІ БОЛА ТҰРА,
КІМДЕ-КІМ ОНЫ ОРЫНДАМАСА – АЙЫПТЫ»**

НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!